ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ БӨЛІМІНІҢ «№52 С.БЕГАЛИН АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение «ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА №52 ИМЕНИ С.БЕГАЛИНА» ОТДЕЛА РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА КЕЛЕССКОГО РАЙОНА УПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

**БҰЙРЫҚ** **№287** **ПРИКАЗ**

**Қаратал ауылы** **«11» «10» 2022 жыл**

**Ұлдар мен қыздар ұйымы туралы**

1. Мектепте ұлдпар мен қыздар ұйымының жұмыс жоспарларын жасап, бекітілсін.
2. Мектепішілік жасөспірімдер арасында құқықбұзушылыққа бейім, сабақтан жалтаратын ұлдар мен қыздарды анықтап, оларды интеллектуалдық сайыстар, спорттық ойындарға тарту.
3. Қоғамдық жұмыстарға араластыру, волонтерлік жасау, балалардың бос уақыттарын тиімді пайдалануға дағдыландыру
4. Осы бұйрықтың орындалуы мен басшылық жасау жауапкершілігі директордың тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары М. Кузенбаеваға жүктелсін.

**Мектеп директоры:** **Г. Бекжанова**

Бекітемін
Мектеп директоры:
Г. Бекжанова

№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің
2022-2023 оқу жылына арнал,ан ұлдар клубының іс-шара жоспары

| № | Тақырыбы | Түрі | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Ұлдар клубының жұмыс жоспарын құру | жоспар құру | қыркүйек | ДТІЖО М.Кузенбаева клуб жетекшісіАяпов Т |
| 2 | Ұлдардың үйірмеге қамтылуын қадағалау | үйірмеге тарту | қыркүйек | клуб жетекшісіАяпов Т |
| 3 | №1ұлдар жиналысы | жиналыс | қыркүйек | клуб жетекшісіАяпов Т Мектеп инспекторы Д. Тоғызбаев |
| 4 | Мектеп инспекторымен және басқа үкіметтік емес ұйымдармен кездесу | кездесу | уақытында | ДТІЖО М. Кузенбаева клуб жетекшісіАяпов Т Мектеп инспекторы Д. Тоғызбаев |
| 5 | «Ер намысы» | пікірталас | қазан | 9 сынып жетекшісі Аманкелді Б. |
| 6 | «Ер жігіт екі сөйлемейді» | тәрбие сағаты | караша | 8 сынып жетекшісіЖиенбаева У |
| 7 | Ұлдарға кеңес | психологиялық кеңес | желтоқсан | Мектеп психологы Б. Кенжебаева |
| 8 | №2 5-8ұлдары арасында жиналыс өткізу | жиналыс | қаңтар | ДТІЖО М. Кузенбаева Клуб жетекшісі Аяпов Т |
| 9 | «Тәртіпке бағынған құл болмас» | сынып сағаты | ақпан | 6 сынып жетекшісі А. Қараманова |
| 10 | «Достық шеңбері» тренинг | тренинг | наурыз | мектеп психологі Б. Кенжебаева |
| 11 | №3ұлдар жиналысы | жиналыс | сәуір | |
| 12 | 7мамыр «Жігіт сұлтаны» | сайыс | мамыр | Тәлімгер Ш.Анарқұл ДТІЖО М. Кузенбаева |
| 13 | Өткізілген жұмыстарды қорытындылау | қорытынды | мамыр | ДТІЖО М. Кузенбаева Клуб жетекшісі Аяпов Т |

ДТІЖО: М. Кузенбаева
Клуб жетекшісі: Т. Аяпов

№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта ілім беретін мектебінде
5-10 сыныптар аралығында ұлдар жиналысы .

**Хаттама №1**

**Қаратал ауылы**

**14.09.2022ж**

**- Қатысқаны:**
5-10 сын ұлдары - 48
Мектеп инспекторы полиция капитаны - Д. Тоғызбаев
ДТІЖО - Кузенбаева М
АӘД жетекшісі - Т. Аяпов
Педагог-психолог -Б. Кенжебаева
Тәлімгер - Ш. Анарқұл

**ұлдар**

**Күн тәртібінде:**

1. Құқық бұзушылықтың алдын алу жайлы
   Жасөспірімдер бөлімінің инспекторы: полиция капитаны Д. Тоғызбаев
1. Балалардың сабаққа қатысуы, формасы жайлы талқылау
   Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: М. Кузенбаева
2. Әртүрлі мәселелер

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша жасөспірімдер бөлімінің инспекторы Д. Тоғызбаев сөз сөйлеп, жасөспірімдер арасында қылмыстың өршіп тұрғанын және сабак үстінде базарға, ойын-клубтарға, баска мектепке баруға болмайтынын айтып, әңгіме жүргізді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Кузенбаева сөз сөйлеп, жалпы мектептегі ұл балалардың тәртібі, үлгерімі, формасына тоқталып, сынып ұл балаларына сын айтты.
Балаларды формаға шақырды.

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселелер бойынша әлеуметтік педагог Е. Құрбанбеков тәрбие туралы әңгіме айтып, 6 сынып ұл балаларына тәртіптеріне сын айтылды.

**Жиналыс шешім етеді:**

1. Оқушылардың әсіресе ұл балалардың формасы қадағалансын.
2. Жасөспірімдер арасында белең алған есірткі заттарға әуестенудің алдын алу мақсатында жиі әңгіме жүргізілсін, ата-анамен байланыс нығайтылсын.

Жиналыс төрағасы : Т. Аяпов
Хатшы: Ш. Анарқұл.

№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде өткізілген
5-10 сыныптар аралығында ұлдар жиналысы

**Хаттама №2**

23.11.2022ж

Қаратал ауылы

**Қатысқаны:**
5-10 сын ұлдары - 28
Мектеп инспекторы полиция капитаны - Д. Тоғызбаев
ДТІЖО - Кузенбаева М
АӘД жетекшісі - Т. Аяпов
Педагог-психолог -Б. Кенжебаева
Тілімгер - Ш. Анарқұл

**Күн тәртібінде:**

1.Құқық бұзушылықтың алдын алу жайлы
Мектеп инспекторы: полиция капитаны Д. Тоғызбаев
2.Жеке бастың гигиенасы жайлы
Мектеп медбикесі: А. Сұлтанкулова
3. Әртүрлі мәселелер

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп инспекторы Д. Тоғызбаев сөз алып, мектеп жасындағы оқушылар арасында есірткі заттарды пайдаланылатын жасөспірімдер де бар екенін айта келіп, есепте тұратын оқушылардың санына тоқталып, нашақорлық арасында қанша жасөспірімдер дертке шалдыққанын айтты.

Балаларға аяқты абайлап басу керетігін, сабақ кезінде басқа мектептің территориясына баруға, компьютер клубынада ұсталған жағдайда шара көретінін, і ескертілді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп медбикесі А. Сұлтанкулова жеке бастың гигиенасы жайлы сөз алып, ұл балалардың киінуі және өзін ұстауы жайлы айтып, 5, 7 сынып ұл балаларының тазалығына сын айтты.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектеп психологы Б. Кежебаева сөз алып, ұл балалардың мінезіне әртүрлі сын айтты.

**Жиналыс қаулы етеді:**

1.Оқушылардың кешкі мезгілде кафе, бар, дискотекаға баруына тиымұ.

Жиналыс төрағасы: Т. Аяпов
Хатшы: Ш. анарқұл

**№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде «Ер азамат атына лайық бол!» атты 5-10 сыныптар аралығында өткізілген ұлдар жиналысы**

**Хаттама №3**

**Қаратал ауылы**

**2 3.01.2023 ж**

**Қатысқаны:**

5-10 сын ұлдары - 42
ДТІЖО - Кузенбаева М
АӘД жетекшісі - Т. Аяпов
Педагог-психолог -Б. Кенжебаева
Тілімгер - Ш. Анарқұл

**Күн тәртібінде:**

1. «Ер азамат атына лайық бол!».
2. Ұл балалардың тәртібі, сабаққа қатысуы.
3. Түрлі мәселелер

**Тыңлалды:**

1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Кузенбаева «Ер азамат атына лайық бол» тақырыбында баяндама оқыды. Ер баланың дұрыс тағылым – тәрбие алуы, дүниенің сырын танып білуі отбасындағы ата-аналардың ақыл кеңесі мен үлгі-өнеге көрсетуіне байланысты екендігі айтылды. Елімізді, отбасын қорғайтын ұлдарымызға көп үміт артатындығын айтты

Жиналыста ұлдардың тәртібі, сабаққа қатысы, мектеп формасы, қазақ отбасындағы ұл бала тәрбиесінің ерекшеліктері, қоғамдық ортада ұл бала өзін қалай ұстау керектігі жайлы айтылды.

Жиналыс соңында мектеп педагог-психолог Б. Кенжебаева ұлдарға тренинг өтті.

Шешімі: Жоспар бойынша ұлдар ұйымымен жұмыстар атқарылсын

**Жиналыс төрағасы:** **Т. Аяпов**

**Хатшы:** **Ш. Анарқұл**

**№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 5-10 сыныптар аралығында өткізілген ұлдар жиналысы**

**Хаттама №4**

**Қаратал ауылы**

**16.05.2023 ж**

**Қатысқаны:**

5-10 сын ұлдары - 42
Мектеп инспекторы полиция капитаны - Д. Тоғызбаев
ДТІЖО - Кузенбаева М
АӘД жетекшісі - Т. Аяпов
Педагог-психолог -Б. Кенжебаева
Тілімгер - Ш. Анарқұл

**Күн тәртібінде:**

1. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу участелік инспектор Д. Тоғызбаев
2. Оқушылардың өмір қауіпсіздігі. М. Кузенбаева
3. Кибербуллинг жайында не білесін? Б. Кенжебаева

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі 1 мәселе мектеп инспекторы полиция капитаны Д. Тоғызбаев:

Балаларға құқық бұзушылық және оған қолданылатын шаралар жайында айта келе жасөспірімдер арасында белең алған мотоцикл жүргізушілері тарапынан болатын жол-көлік оқиғалары жайлы айтып өтті.Кез келген ауыр және 50 км жылдамдықтан жоғары жүретін көлік түрлерін жүргізу үшін арнайы құжат болуы міндетті жайлы және 18 жастан жоғары құқылы екені жайлы айтылды.Ішкі істер қызметкерлер мамандығын таңдағандарға кәсіби бағдар берді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша екінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары М. Кузенбаева оқушылардың өмір қауіпсіздігі жайлы мағұлмат беріп өтті.
Үшінші мәселе бойынша мектеп психологы Б. Кенжебаева әлеуметтік желіде белең алған кибербуллинг жайында айтып өтіп, бейнероликтер көрсетті.Оқушыларға күйзеліс пен өмір қиыншылығы жағдайында көмек сұрауға нысандарды айтты.

**Шешім:**

1. Құқық бұзушылықты алдын алу жөніндегі барлық ескертулер мен хабарламалар ескерілсін
2. Жасөспірімдерге құжатсыз көлік жүргізуге болмайтындығы қатаң ескертелсін.
3. Оқушылардың өмір қауіпсіздігі мен кибербуллинг жайлы хабарлама ескерілсін.

**Жиналыс төрағасы:** **Т. Аяпов**

**Хатшы:** **Ш. Анарқұл**

**Кіріспе**: Егер әрбір жаңа ұрпақ дүниеге келісімен, барлық материалдық және рухани байлықтарды жаңадан жасап алатын болса, өндіріс құрал – жабдықтары мен өндіріс тәсілдерімен және адамдардың әлеуметтік тәжірибиелерімен, әдеп –инабат пен мінез -*құлық сипаттарын кайтадан калыптастырып отырса, онда коғамда ешқандай дау болмас еді. «Өлең бір баска, өмір бір баска» - демекші әрбір келер ұрпақ өзіне дейінгі аға буынның кателігін түп – түгел ескеріп, мүлдем кателік жасамай, өзі де өкінбей, өзгені де опындырмай өсе кайтеді.

**Сыныбы:** 9-10 сынып ұл балалар

**Сабақтың мақсаты**: *білімді, мәдениетті, шығармашылық белсенді және азаматтық құндылықтары толысқан тұлға қалыптастыру.*

**Міндеттері:**

- Оқушылардың танымдық әрекеттерін және кызығушылықтарын анықтау.
- Оқушылар бойындағы жағымсыз қылықтарды анықтап, оны болдырмау;
- Оқушыларды мәденеиеттілікке тәрбиелеу.

**Мақсаты**: Оқушылардың өз бойларындағы қасиеттерін, қажеттіліктерін қаншалықты деңгейде бағалауы және тренинг барысындағы көңіл – күйлерін анықтау.

**Нұсқау:** *Оқушыларға гүл күлтешелері таратылып беріледі, олар әр күлтеге өз бойларындағы ең құнды деген құндылықтарын жазады. Жазылған құндылықтарды жүректеріне басып 2 секунт отырғаннан соң, өздеріне қажетсіз деп тапқан бір күлтені жыртып тастайды. Оқушылардың қандай көңіл – күйде болғандығын сұраймын. Тағыда 2 секунт өткеннен соң тағы бір күлтені жыртуын сұраймын. Осылай жалғасын тауып соңында ең соңғы құндылығы қалғанда онымен де қоштасуды талап етемін сондағы оқушының көңіл – күйі, қалай әсер еткендігі сұралады.*

**Сабақ барысы :** Алдымен оқушыларға әдептілік туралы түсінік беріп өтемін. Әдептілік - адамның өзімен бірге өсіп, жетіледі, оған айналасындағы адамдар, қоғам, отбасы, мектеп т.б. әсер етеді. Сондыктан адамның әдептілігіде оның адамдар арасындағы жүріс – тұрысынан, басқалармен карым – қатынасынан көрінеді. ***«Біз бойымыздағы әдеп сезімін дамытуға тиіспіз. Өйтпесек адамдардың ілтипатынан оп – оңай айырылып қалуымыз мүмкін. Бұл қателігі үшін адам өмірде өте көп зиян шегеді. Және өкінішке орай, ұрпақтарын осы ауыр зияннан құтқара алмай –ақ келеді.»***

***/И.Гете/***

***ОЙЫН:***

*Жайық өзенінің алыстағы "Әдеп" жағалауында экологиялық апат болған екен. Бұрын бұл жер өсімдік пен гүлдерге толы, құстары сайраған, елік-маралы көсілген жер болған. Сол апаттың кесірінен ол жерде қазір өсімдіктер құрып, хайуанаттары жоғала бастаған. Ал олардың құруы адамдар өміріне де қатерлі. Біз бүгін бұл жағалауды, ондағы адамдарды апат зардабынан құтқару үшін көрсетілген маршрут бойынша сапар шегеміз. Құтқару оңай емес. Ол үшін біраз жолды кемемен жүріп, әртүрлі сындардан өтіп, қиындықтарды жеңуіміз керек.*
*Әдеп жағалауына қай топ бірінші болып жететіні бақылайық.*

**I. Ер жігіт туралы мақал мәтелдерді аяктау.**

- Ер жігітке бақ конса - дұшпаны да жағалар,
  Басынан бір күн бақ тайса - жабылып бәрі табалар.

- Аққу құс - көлдің көркі, ер жігіт - елдің көркі.

- Ер жігітке бақ конса - дұшпаны да жағалар,
  Басынан бір күн бақ тайса - жабылып бәрі табалар.

- Жігіттің үш жұрты болады: өз жұрты - күншіл, қайын жұрты міншіл, нағашы жұрты - сыншыл.

**Талдау:** Екі топқа әдептілікке кері әсер беретін өлең жолдары оқылып, оқушылар өздеріне берілген өлең жолдарын талдап, нені түсіндіргісі келген мақсатын ашулары тиіс.

***Тұрмақ болды, - тұра алмады орнынан,***

*Тыраң асты көтеремдей болдырған.*
*Қарап тұрсаң, көз тоймастай ер еді,*
*Алтын басын арақ қалай қор қылған, -*

* * *

*Кіші пейіл болғаннан,*
*Кішірейіп кетпейсің.*
*Өр көкірек болғаннан,*
*Ұлылыққа жетпейсің.*

**Топтың ерекшелігін көрсету:** *Мақсаты: Досыңның атын жаз және досыңа лайықты, бойынан көрінетін жақсы қасиеттерді жаз.*

**Сиқырлы балықтар әлемі:** */қабілеттілігіңді көрсет!/*

**Нұсқау:** *Балыққа жазылып берілген тапсырманы оқып шығып, өз ойыңмен ары қарай жалғастыр.*

- Адамдарды немесе заттарды саусағыңмен нұсқап көрсетпе ....
- Көшеде жүріп бара жатып, тамақтануға болмайды .....
- Жолға шыққанда соған лайықтап киін .......
- Біреудің бөлмесіне немесе кабинетіне сыртқы киіммен кірме .....

**Демалу: АРТ терапия**

**Нұсқау:** *Жаймен музыка ойнап тұрады оқушылар «Әдептілік» тақырыбында сурет салады. Салған суреттері бойынша түсіндірме жасайды.*

**«Ойлау»**

*Екі топқа алдын ала дайындалған салт – дәстүрге байланысты сұрақтар беріледі. Оқушылар сұраққа жауап беріп, талдау жасайды.*

**I -топқа**

- **Жеті атаңды ата?**
- **Жігіттерге лайықты ұлттық ойындарды ата?**
- **Ержігіт мінез – құлқы қандай болуы керек?**

**II - топқа**

- **Ат әбзелдерін ата**
- **Отбасындағы әкенің ролі қандай болу керек?**
- **Ержігіт ананың ақ сүтін ақтау дегенді қалай түсінесің?**

**Тренинг: «Мақсатқа жетуге талпыну»**

**Жүргізілуі:** *I –ші топ оқушылары мақсатқа жету жолындағы қамал болса, II-ші топ оқушылар сол қамалды қалайда бұзып кіріп мақсатқа жетуші болады.*

**Қорытынды:**

**«Әдепті бала - арлы бала»**- демекші оқушылардың бойындағы әдептілік қасиетті ояту, әдептілік туралы білімдерін тереңдету, азаматтық құндылықтары толыққан ержігітті тәрбиелеуге жол аштық. Ер жігіт әдеп нормаларын сақтау жолдары мен ерекшеліктерін өз-ара талқылып, таладау жасау арқылы сараптама жасау жұмыстары үйлесіп тауып отырды.